

ӘОЖ 330.59

<sup>1</sup>М. Жанат\*, <sup>2</sup>К.М. Жумаксанова<sup>1</sup>С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қазақстан, Павлодар қ.<sup>2</sup>Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: zhanmyrza.qaz@gmail.com

### Халықтың тұрмыс деңгейі: түсінігі және ықпал етуші факторларының топтамасы

Бүгінде халықтың тұрмысын тұрмыстық ахуалды сипаттаушы түрлі көрсеткіштер негізінде бағалау жұмыстары барлық елдерде дерлік жүргізіліп отырғанымен, олардың «халықтың тұрмыс деңгейі» категориясын түрлі мағынада қабылдаулары, тұрмыстық ахуалды бағалаушы көрсеткіштерінің жалпыға ортақ жүйесінің жоқтығы секілді бірқатар кемшіліктері бар. Мұндай жетіспеушіліктер аймақтық, мемлекеттік, халықаралық деңгейлерде халықтың тұрмыс деңгейін анықтау, оның серпінін бағалауға мүмкіндіктер бермеуде.

Аталмыш теоретикалық-әдістемелік жетіспеушілік мәселелерін шешу үшін бірінші, «халықтың тұрмыс деңгейі» категориясына нақтылы анықтама берілуі тиіс. Екінші, халықтың тұрмысының барлық қырларын қамтыған көрсеткіштер кешені қалыптастырылуы керек. Үшінші, бұл кешендік көрсеткіштер тұрмыстық ахуалдың нақтылы бір қырын сипаттауы бойынша кешен ішінде өзара топтастырылуы керек. Тек осындай жүйелілік түрлі елдердегі, аймақтардағы халықтың тұрмыс деңгейлерін анықтауға және оларды өзара салыстыруға мүмкіндіктер берері хақ.

Мұндай теоретикалық-әдістемелік жүйелілікті қалыптастыру мақсатында мақалада «халықтың тұрмыс деңгейі» категориясы жан-жақты сараланып, нақтылы анықтама берілген. Оның «өмір сапасы» категориясынан айырмашылығы айқындалып көрсетілген. Сондай-ақ, тектестік (сипаттық) белгілері бойынша халықтың тұрмыс деңгейіне ықпал етуші факторлар топтары қалыптастырылады.

**Түйін сөздер:** халықтың тұрмыс деңгейі, тұрмыс деңгейінің көрсеткіші, тұрмыс деңгейінің факторлары тобы, өмір сапасы, қажеттіліктер.

М. Жанат, К. М. Жумаксанова

#### Уровень жизни населения: понятие и группировка влияющих факторов

На сегодняшний день почти во всех странах мира проводится работа по оценке жизни населения на основе различных показателей, которые характеризуют состояние жизни. Но, во всех таких работах присутствуют недостатки, как: разное восприятие (понимание) смысла категории «уровень жизни населения»; отсутствие всеобщей системы показателей уровня жизни и т.д. Такие недостатки не позволяют определять и сравнивать уровни жизни населения в масштабе региона, страны.

Чтобы устранить выше перечисленные теоретико-методологические недостатки, надо: во-первых, дать конкретное определение категории «уровень жизни населения»; во-вторых, сформировать комплекс показателей уровня жизни, которые характеризуют уровень жизни населения с разных сторон. В-третьих, сгруппировать эти показатели по сторонам жизни населения, которые они характеризует. Только такая системность даст возможность определять и сравнивать уровни жизни населения разных стран и регионов.

С этой целью в статье рассматривается уровень жизни населения с разных сторон и дается конкретное определение ему. Выделяются его отличия от категории «качество жизни». А также формируется группа факторов по характерным признакам влияния на ту или иную сторону уровня жизни населения.

**Ключевые слова:** уровень жизни населения, показатель уровня жизни, групп на факторов уровня жизни, качество жизни, потребности.

M. Zhanat, K. M. Zhumaksanova

#### Level of living of population: concept and groupment of factors influencing to him

To date almost in the entire countries of the world conducted works as evaluated by life of population on the basis of different indexes that is characterized by the state of life. But, in all such works present some defects, such as: different

perception (understanding) of sense of category "level of living of population"; absence of the universal system of indexes of level of living etc. Such defects does not allow to determine and compare level of living of population in the scale of region, country.

To remove higher the enumerated theoretical-methodological defects, it is necessary: firstly to give concrete determinations to category "standard of living of population"; secondly to form the complex of indexes of level lives characterizes that level of living of population from different parties. In the third, to group these indexes of complex on parties lives of population, that they characterizes. Only such system gives possibilities will define and to compare level of living of population of different countries and regions.

In aims to form such theoretical-methodological the complex of measures in the articles is examined level of living of population from different parties and concrete determination is given to him. Distinguished his differences from a category "quality of life". And also, formed groups of factors on the characteristic signs of influence whether that another side of level of living of population.

**Key words:** level of living of population, indicator of level of living, groups of factors of level of living, quality of life, needs.

Халықтың тұрмыс деңгейі – аумақтың тұрғын халқының қолайлы өмір сүруіне қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы дәрежесі [1]. Қажеттіліктер – тұлғаның, әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның тіршілік етуіне және дамуына қажетті нақтылы жағдайлармен байланысты туындайтын мұқтаждықтары.

Адамның қажеттілігінің өзіндік белгісі адамның биологиялық және әлеуметтік табиғатымен анықталады. Олай болса адамның қажеттіліктерін келесі топтарға жіктеуге болады:

- физиологиялық қажеттіліктер – тұлғаның тамаққа, ауаға, суға, климаттық жағдайларға және басқа да осы секілділерге деген табиғи қажеттіліктері;

- материалдық қажеттіліктер – тұлғаның баспанаға, киім-кешекке, көлік құралдарына, өндіріс құрал-жабдықтарына және т.б. осы секілділерге деген заттық-материалдық қажеттіліктері;

- рухани қажеттіліктер – тұлғаның қоршаған ортаны тануына, білімге, өнерге, ғылымға, шығармашылыққа және тағы басқаларға деген интеллектуалдық-рухани қажеттіліктері;

- әлеуметтік қажеттіліктер – тұлғаның қоғамдық қарым-қатынастарға, қызметтерге, абыройға, атақ-даңққа, әлеуметтік құқықтарға және тағы басқаларға деген қоғамы қажеттіліктері.

Әлеуметтік топтардың, қоғамның қажеттіліктері оның дамуы барысында қоғамның жекелеген элементтерінде немесе жалпы қоғамдық жүйеде өзгертулер, түрлендірулер жүргізуге мұқтаждықтармен байланысты туындайды. Қоғамның қажеттіліктері оның қалыпты тіршілік әрекеттеріне және дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге деген мұқтаждықтарымен анықталады. Оған өндірістік қатынастарға, мемлекеттік, жергілікті бас-

қарушылыққа, елдің қауіпсіздігіне және қорғанысына, қоршаған ортаны қорғауға, қоғам мүшелерінің конституциялық құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге және басқа да осы тектес қажеттіліктерді жатқызуға болады.

Жалпы алғанда, тұрмыс деңгейі – қоғамның және оның мүшелерінің физиологиялық, материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерінің дамуы деңгейін, олардың қанағаттандырылуы дәрежесін және аталмыш қажеттіліктердің қанағаттандырылуына және дамуына алғышарттарды бейнелейтін кешенді әлеуметтік-экономикалық категория. Ол тамаққа, киімге, баспанаға, көлікке, білімге, денсаулық сақтауға, мәдениетке, өнерге, демалысқа, қауіпсіздікке, еркіндікке және т.б. игіліктер (қызметтер мен тауарлар) мен бейигіліктерге деген қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының құрамдарымен және мөлшерлерімен анықталады.

Біздің ойымызша:

- халықтың тұрмыс деңгейі – ел халқының тамаққа, киімге, баспанаға, көлікке, білімге, денсаулық сақтауға, мәдениетке, өнерге, демалысқа, қауіпсіздікке, еркіндікке және т.б. игіліктер (қызметтер мен тауарлар) мен бейигіліктерге деген қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының құрамымен, мөлшерімен және қажеттіліктерді қанағаттандыруға елдегі табиғи, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, демографиялық, қауіпсіздік және т.б. мүмкіндіктермен анықталатын көп қырлы категория;

- халықтың тұрмыс деңгейі – ел тұрғынының (азаматының) биологиялық, әлеуметтік және рухани-адамгершілік тіршілік иесі ретіндегі биологиялық жаратылысын, әлеуметтік мақсатын және тұлғалық ұмтылысын мүмкіндігінше толықтай жүзеге асыруына қажетті физиологиялық, материалдық, рухани және

элеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының елдік орташа деңгейі;

- халықтың тұрмыс деңгейі – елдегі тұрмыстық ахуалды сан қырынан бейнелеуші нақтылы және ресми, статистикалық көрсеткіштердің негізінде есептеліп, интегралдық көрсеткішке қорытылатын анықталатын нақтылы өлшеуіш [2];

- халықтың тұрмыс деңгейі – ел халқының тұрмысы ахуалының объективті бағасы;


- халықтың тұрмыс деңгейі – қандай да бір аумақтың тұрғын халқының уақыт кезеңіндегі тұрмыстық ахуалын қорытынды бағалаушы индикатор.

Қазіргі кезде, халықаралық ғылыми-зерттеушілік тәжірибелерде елдің немесе аймақтың тұрғын халқының тұрмыстық ахуалдарын нақтылы және ресми көрсеткіштердің негізінде (объективті) анықтаумен қатар, сол аумақтың тұрғындарының пікірлері (сауалнамалық) негізінде (субъективті) бағалаулар жасау және аталмыш екі әдісті бірлестіре қолдану арқылы бағалау (объективті-субъективті) үрдістері қалыптасқан. Мұндай қалыптасқан әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, халықтың тұрмыстық ахуалдарының объективті (нақтылы) бағасын «*халықтың тұрмыс деңгейі*», субъективті бағасын «*тұрмыстық ахуалдың субъективті бағасы*», объективті-субъективті бағаларын «*өмір сапасы*» категорияларына ажыратып қолдану керек деп санаймыз (1-сурет).

Халықтың тұрмыс деңгейі – белгілі бір уақыт кезеңіндегі елдің (аймақтың) тұрғын халқының биологиялық, элеуметтік және

рухани-адамгершілік тіршілік иесі ретіндегі биологиялық жаратылысын, элеуметтік мақсатын және тұлғалық ұмтылысын мүмкіндігінше толықтай жүзеге асыруларына қажетті тамаққа, киімге, баспанаға, көлікке, білімге, денсаулық сақтауға, мәдениетке, өнерге, демалысқа, қауіпсіздікке, еркіндікке және т.б. игіліктер (қызметтер мен тауарлар) мен бейигіліктерге қажеттіліктері секілді физиологиялық, материалдық, рухани және элеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын және аталмыш қажеттіліктерді қанағаттандыруға елдегі (аймақтағы) табиғи, экономикалық, экологиялық, элеуметтік, саяси, демографиялық, қауіпсіздік және т.б. мүмкіндіктерді ескеріп, тұрмыстық ахуалды сан қырынан бейнелеуші нақтылы және ресми, статистикалық көрсеткіштердің негізінде есептеліп, интегралдық көрсеткішке қорытылып анықталатын, халықтың тұрмысы ахуалының объективті, орташа, қорытынды бағасы [3]. Демек, оны анықтаушы көрсеткіштер жиынтығы адамдардың қажеттіліктерінің барлық саласын қамтуы және олардың қанағаттандырылуы дәрежесін нақтылы анықтаумен байланысты болуы тиіс. Яғни, халықтың тұрмысының барлық салаларын сан қырларынан толық бағалау және деңгейін анықтау үшін ол өзіне мейілінше көп, алуан түрлі көрсеткіштерді қамтуы тиіс.

Тұрмыс деңгейі халықтың тұрмысы мен тіршілігінің алуан түрлі қырларын жан-жақты сипаттайтын сан түрлі көрсеткіштермен баяндалады. Сәйкесінше, тұрмыс деңгейіне алуан түрлі факторлар әсер етеді. Атап айтқанда, бір жағынан тұрғын халықтың құрылымы мен



1-сурет – «Халықтың тұрмыс деңгейі» және «өмір сапасы» категориялары

көлемі үнемі өзгеріп отыратын алуан түрлі қажеттіліктері әсер етсе, келесі жағынан осы шексіз қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндіктердің елдегі табиғи, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, демографиялық және т.б. ахуалдармен байланысты шектеулілігі ықпал етеді.

Мұндай әсер етуші факторларды халықтың тұрмыс деңгейіне ықпал ету сипаттарына қарай келесі түрлерге топтауға болады (2-сурет):

- Табыс-тұтыну факторлары – елдегі табыс және тұтынушылық ахуалдарға ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері халықтың ақшалай табыстары, тұтыну шығыстары, банктік қарыздары, күндік қуаттануының құны және елдің ҰЖТ-ы, елдегі табыстардың әділ бөлінуі, үй шаруашылығының азық-түлік тауарларын, азық-түлік емес тауарларды, ақылы қызметтерді тұтыну деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Әлеуметтік қорғау факторлары – елдегі әлеуметтік топтардың әлеуметтік қорғалуы ахуалдарына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері жұмыссыздың, зейнеткердің, мүгедектің, кедейдің, баланың әлеуметтік қорғалуы, мүгедектік, кедейлік деңгейлеріне, зейнетақы, жұмыссыздыққа, мүгедектікке, кедейлікке жәрдемақы деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Мүлік-жинақ факторлары – елдегі мүлтік және ақшалай жинақтар жай-күйіне ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері халықтың, мемлекеттің жинақтары, халықтың табыстан жинақтауы, баспанамен, жекеменшік көлікпен, үй мүлкімен қамтамасыздандырылуы, үй шаруашылығының меншіктен алған табыстары деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Білімге қолжетімділік факторлары – елдегі халықтың білім алу мүмкіндіктерінің жағдайына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері бір тәрбиеленушіге, бір оқушыға, бір кәсіби орта білім алушыға, бір студентке (ЖОО студенті) мемлекеттік шығындар,

білім саласындағы айлық жалақы, халықтың білімге шығыстары, білім беруге мемлекеттік шығындар, мектепке дейінгі тәрбиемен, жалпы орта біліммен қамтылу деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Денсаулық сақтау факторлары – елдегі денсаулық сақтаудың жай-күйіне ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері халықтың дәрігерлермен, орта медициналық қызметкерлермен, ауруханалармен, аурухана төсегімен, амбулаторлық-емханалық мекемелермен, медициналық жедел-жәрдем қызметімен қамтылулары, халықтың денсаулыққа шығыстары, денсаулық сақтауға мемлекеттік шығындар деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Экологиялық қолайлылық факторлары – елдегі табиғи-экологиялық ахуалдардың халық өмір сүруіне қолайлылығы жағдайына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері экологиялық апат қауіпі, экологиялық апаттан зардап, ҚОҚ-ға мемлекеттік шығыстар, орманды алқап, табиғи су көздерінен су алу, тұщы суды тұрмыстық тұтыну, қауіпті қалдықтар, тұрақты көздерден атмосфераны ластау, ауаны ластаушы заттарды ұстау, тазарту, ағызылатын ластанған ақаба суды тазарту деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Қауіпсіздік факторлары – елдің және халықтың қауіпсіздігі ахуалдарына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері тіркелген қылмыстар, адам өлтіру және өлтіруге оқталу қылмыстары, өзіне-өзі қол жұмсаулар, адам денсаулығына қасақана зиян келтіру, зорлау және зорлауға оқталу қылмыстары, нашақорлық қылмыстар, қарақшылық, тонау, ұрлық қылмыстары, жазатайым қаза табулар, бас бостандығынан айырылулар, елдің қорғанысына, ұлттық қауіпсіздікке, құқық қорғау қызметтеріне мемлекеттік шығындар деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Экономикалық мүмкіндіктер факторлары – елдің экономикалық өсуіне, ел халқының экономикалық мүмкіндіктеріне ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде

мұндай факторлардың әсерлері кәсіпкерлік, жұмыссыздық, жұмыстағы қаза табулар, жаракаттанулар, үй шаруашылығының салықтық, салықтық емес төлемдері, елдегі көлеңкелі экономика, негізгі капиталға инвестиция, экономикадағы негізгі құрал-жабдықтар, айлық жалақы деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Саяси мүмкіндіктер факторлары – елдегі саяси және азаматтық құқықтардың қорғалуы ахуалдарына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері митинг және ереуіл еркіндігі, адам құқығын бұзу қылмыстары, қоғамдық қауіпсіздікке, тәртіпке қарсы қылмыс, қақтығыстар, парламенттік үлес, жоғарғы билік, сотқа сенімділік, сөз бостандығы, коррупция деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Демографиялық деңгей факторлары – елдің демографиялық ахуалына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері ерлердің, әйелдердің өмірінің күтілетін ұзақтығы, ерлердің, әйелдер-

дің қайтыс болуы, сәбилердің шетінеуі, халықтың табиғи өсімі, үйлену және ажырасу, эмиграция, иммиграция, ерлер мен әйелдер саны, жасанды түсіктер деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді;

- Салауаттылық деңгей факторлары – елдегі халықтың салауатты өмір салтын ұстануы және оған қолайлы мүмкіндіктер ахуалдарына ықпал етуші факторлар. Халықтың тұрмыс деңгейінде мұндай факторлардың әсерлері халықтың темекі, ішімдік өнімдерін тұтынуы, халықтың спорттық, дене шынықтыру, мәдениет, өнер, демалыс қызметтерін тұтынуы және аталмыш қызметтерді көрсету орындарымен қамтылуы, күндік қуаттану, мәдениет, өнер, демалысқа халықтың шығыстары, мемлекеттік шығындар деңгейі көрсеткіштерінің және осы секілді т.б. көрсеткіштердің өзгерістері арқылы бейнеленеді.

Халықтың тұрмыс деңгейін факторлық топтарға жіктеу арқылы тұрмыс деңгейінің түрлі өрістерінің әрқайсысының жекелей деңгейлерін, ортақ белгілері бойынша топтық деңгейлерін және тұрмыстың жалпы деңгейлерін ажыратып бағалауға мүмкіндік туындайды.



2-сурет – Халықтың тұрмыс деңгейіне ықпал етуші негізгі факторлардың тобы



**Әдебиеттер**

- 1 Жанат М. Халықтың тұрмыс деңгейін анықтау методологиясы // «Саясат» журналы. – 2012. – № 7. – Б. 19-21.
- 2 Жанат М. Международный сравнительный анализ уровня социальной защиты населения // Научная дискуссия: вопросы социологии, политологии, философии, истории: материалы XI международной заочной научно-практической конференции. – М.: Международный центр науки и образования, 2013, март – 12. – С. 86-92.
- 3 Zhanat M. Methodology of determining the level of living // Life Science Journal.– 2013. – № 10 (8s). – P. 431-441.

**References**

- 1 Zhanat M. Khalyktyn turmys dengeyin anyktau metodologiyasy // «Sayasat» zhurnaly. – 2012. – № 7. – B. 19-21.
- 2 Zhanat M. Mezdunarodnyi sravnitelnyi analiz urovnyi sotsiol'noi zashchity naseleniya // Nauchnaya diskussiya: voprosy sotsiologii, politologii, filosofii, istorii: materialy XI mezhdunarodnoi zaochnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – M.: Mezhdunarodnyi tsentr nauki i obrazovaniya, 2013, mart – 12. – S. 86-92.
- 3 Zhanat M. Methodology of determining the level of living // Life Science Journal.– 2013. – № 10 (8s). – P. 431-441.